

С.Сейфуллиннің 125 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 15: Жастар, ғылым, технологиялар: жаңа идеялар мен перспективалар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 15: Молодежь, наука, технологии – новые идеи и перспективы», приуроченной к 125-летию С.Сейфуллина. - 2019. - Т.II, Ч 1 - Б.55-57

ОТБАСЫНЫҢ ТІЛДІК ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Хамитова Ж.

Отбасы – әр адамның өмірінде ең басты орын алады. Отбасында сәби туған-туыстарының бет әлпетін, аттарын ажыратуға үйренуден бастап, өзін қоршаған барлық заттарды айыра білетін болады.

Отбасы - кішкене сәбидің алғашқы тұрақты ұжымы. Ол тұлғаның қалыптасуында маңызды рөл атқарушы институт. Отбасында баланың дене бітімі ғана өсіп қоймайды, оның негізгі мінезі, әдеттері, адамгершілік қасиеттері де қалыптасып, дамиды. Баланың қандай болуы отбасы мүшелерінің (анасы, әкесі, аға-әпкелері, ата-әжелері және басқа да туған-туыстарының) бір-біріне деген арақатынасына байланысты. Себебі, ұлы педагог А.С.Макаренко айтқандай үлкендер бар болмысымен баланың қалыптасуына ықпал етеді («Ваше собственное поведение – для ребенка самая решающая вещь») [1]. Бала үлкендердің қарым-қатынасын көру, солардан үйрену арқылы өзі де тұлға ретінде қалыптасады.

Адам баласы отбасында сүйіспеншілікке, бір-біріне қамқорлық жасауға, кешірімшіл болуға, үлкендерді сыйлап, кішіге ізет көрсетуге үйренеді. Әрине, мұндай қасиеттерді адам баласы балалар үйінде де бойына сіңіруі мүмкін, алайда отбасының аты - отбасы. Отбасында ерекше мейрім мен махаббат болады. Адамның басына іс түсіп, қиналған шағы болса, туғандары әрқашан да қасыңнан табылады, сөзбен ғана емес, іспен көмек көрсетеді, қайғыңа ортақтасып, қуанышың болса, бірге қуанады. Сені жақсы көретін жақын адамдарың сенің жетістіктерің мен сәттіліктеріңе міндетті түрде қуанады. Сен өзіңнің жалғыз емес екеніңді сезінуіңнің өзі үлкен бақыт.

Отбасы - тәрбие институты. Отбасы адам мінезін қалыптастырушы орта. Отбасында алған тәлім-тәрбиесін адам өмір бойы өзімен бірге алып жүреді. Отбасы – тәрбиенің басты тірегі және негізгі қайнар көзі ғана емес, отбасы – тілдік тұлғаның қалыптасуының да негізі. Баланың тілі отбасында шығады, сонда ол заттардың атын білетін болады. Ата-анасы оны дұрыс сөйлеуге үйретеді, тақпақтар мен өлеңдер жаттатады. Үлкендерге, соның ішінде, өзіне көп қамқорлық жасайтын адамға (көбіне-көп сөзі эмоционалды болып келетін анасына) еліктеу арқылы бала сол сияқты сөйлеуге, сол істеген істерді, тіпті сол адамның қылығын істеуге талпынады. Ең алдымен, бұл кезеңде, бала айнала қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың, адам мен табиғат жағдайларының атауларына толы тілдің алуан түрлі сөздік

қорын үйренеді. Сондықтан да, отбасында, дөрекі жағымсыз, отбасы мүшелерінің бірін-бірі жер қыла ұрысу, төменшіктету, жасырын қауіп төндіру сияқты қылықтар болмауы қажет. Лингвистикалық психология саласында жүргізілген зерттеулер тілі шықпаған кішкентай балалар үлкендердің аузынан естіген жағымсыз лексиканың жаман екенін ішкі дүниесімен сезеді, алайда ондай лексиканы тілдік норма деп қабылдайтын болатындығын айтады. Отбасында бала жақсы сөзден жаман сөзді бір-бірінен ажыратуын, сөздің семантикалық мағыналарын ажыратуын үйренеді. Жалпы, жаман сөздерді жиі қолданатын отбасында баланың әлемге деген сенімсіздігі басым болатыны ғылыми дәлелденген.

Отбасы баланың алғашқы тілдік ортасы. Сонда алғашқы мәдениет нормаларын меңгеру арқылы тілдік тұлға қалыптасады. Тілдік тұлғаның қалыптасуы мен дамуына әсер етуші басқа да факторлар бар. Бұл – қоршаған орта, білім алу ортасы, демалу ортасы. Алайда, отбасы солардың бәрінің бастамашысы және сырттан үйренген жаман сөздерді баланың игермеуіне бақылау жасаушы. Тіл арқылы адамның мәдениеті, ойы, көзқарасы, түсінігі, білімі және т.б. адам өмірінің барлық қыры анық көрінеді. "Киіміне қарап, қарсы алып, ақылына қарай шығарып салады" деген орыс нақылында айтылғандай, адамның сөйлеген сөзіне қарап, ол туралы ой қалыптасады. Адамның ақылы, білімі мен біліктілігі, оның тілі арқылы көрінеді. Адамның тілі – оның айнадағы бейнесі іспетті. Адамның сөйлеген сөзі арқылы біз алдымызда кім отырғанын (ақыл тоқтатқан тұлға ма, жеңілтек біреу ме, жоғары білімді адам ба, қарапайым жұмыскер ме, сыпайы адам ба, дөрекі біреу ме екенін) түсінеміз.

Жалпы алғанда, адам баласына басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсу, сөйлесу тән. Ғалым В.С. Селиванова бұл туралы былай деп жақсы айтқан: «Человеку присуща потребность в общении – взаимодействии с другими людьми. Удовлетворяя эту потребность, человек проявляет и реализует свои человеческие возможности. И дабы удовлетворить данную потребность, главным оружием человека является язык, на котором он разговаривает» [2]. Тіл адамдардың қоғамдасуына, еңбек етуіне негіз болады. Себебі, ол - түсіністіктің, қарым-қатынастың басты құралдарының бірі.

Тіл – ұлттың маңызды құрамдас бөліктерінің бірі. Ол кез келген халықтың асыл мұрасы, мол қазынасы, байлығы. Тіл ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде беріледі. Тек баланың қай тілде сөйлеуі керектігін ата-анасы айқындайды. Көбінесе анасы қай тілде сөйлесе, бала да сол тілде сөйлейді (егер балаға қараушы анасы болса). Бесік жырын өз ана тілінде естіп, ана сүтімен бойына дарыған ана тілін бала өсе келе, одан әрі дамытып жетілдіруіне отбасы мүшелері өз септігін тигізеді. Бала тілінің қай тілде шығуы, қай тілде сөйлеуі – отбасына байланысты. Кейде, үйленген жас отбасында ері орысша сөйлесе, жары қазақ тілінде сөйлейді, бұл баланың тілінің кеш шығуына әкеп соғады. Себебі бала санасы қай тілді таңдарын білмей қиналады. Отбасында теледидардың қай тілде жүріп жатқаны да маңызды. Егер теледидар үнемі қосулы және ол орыс тіліндегі бағдарламалар болса, баланың назарын ондағы ашық (қанық) түстер қызықтырып, бала

соған еліктеуден, соларша сөйлеуге тырысады. Бұндай жағдайда да ата-анасы қазақша сөйлегенмен, баланың тілі кеш шығуы және ол орысша болуы ықтимал. Бұған себеп болып отырған – тағы отбасының өзі.

Ана тілінің негізінде отбасында баланың алғашқы әлеуметтік ортасы қалыптасады. Демек, отбасында ана тілін меңгерудің негізі қаланады. Ата-анасын үлгіге ала отырып, бала олардың істеген істерін, олардың қылықтарын, әдеттерін, олардың сөйлесу мәнерін бойына сіңіреді және өзі де солай істеп, солай сөйлесетін болады. Ана тілінде тұлғааралық тілдік байланыс орнайды. Тіл арқылы алғашқыда туған-туыстарына, табиғатқа, кейіннен туған халқының салт-дәстүріне, туған халқының мәдениетіне деген сүйіспеншілік қалыптасады. Соның арқасына туған халқына, туған еліне, Отанына деген махаббат қалыптасады.

Ана тілі эстетикалық, адамгершілік, интеллектуалдық тәрбиенің әрі көзі, әрі құралы болып, баланы жеке тұлға ретінде қалыптастырады. Ана тілін қарым-қатынас құралы ретінде пайдалана отырып, ол өз бойына ата-бабасының (өз халқының) мәдениетін сіңіреді, өз және өзге әлемді тани бастайды, әлеуметтік қарым-қатынастың нормаларын меңгереді.

Баланың тілі көбінесе, оның ата-аналарына, олардың мәдениеттілігіне, біліміне, әлеуметтік орнына байланысты. Ата-ана баланың тілін түсініп қана қоймай, бала тілінің дұрыс қалыптасып, дамуына, дұрыс, әдемі (сөз орамдарын, мақал-мәтелдерді, тұрақты сөз тіркестерін пайдалана отырып) сөйлеуіне ықпал етуі қажет. Ата-ана бала тілінің дамуына өзі жауапты екенін жан-тәнімен түсінуі тиіс. Осы жолда өзіне үлкен жауапкершілік артылатынын ұғынуы керек. Т.К. Бигожанов: «Родители должны осознавать особую ответственность за развитие речи ребенка в силу необыкновенно высокой детской чувствительности к языковой информации, которая «падает» на первые годы жизни. В этом отношении незаменимы произведения народной культуры, классического искусства, которые используются как действенное средство воспитания детей с первых лет жизни», - деп тамаша айтқан [3]. Сәби кезінен бастап бала өз халқының өлеңдері мен әндерін, әуендері мен саздарын бойына сіңіреді. Ауызекі халық шығармашылығы арқылы туған тілінің әсемдігі мен әуезділігін сезінеді. Балаларға тіліміздің көркемдігі, нақтылығы, көркем сөздің әсемдігі психологиялық жақтан жақын әрі қызықты болады. Сондықтан да әр отбасы өз баласының мәдениетті сөйлеуіне, тіл байлығын молайтуына, тілін дамытуға, тіпті дауысының әдемі, нық болуына, көркемдеуіш құралдарды, мақал-мәтелдерді дұрыс қолдана білуіне ерекше мән беруі тиіс. Сөз шеберлігіне, сөз көркемдігіне, тіл тазалығына үйрету, меңгерту – ескілікті аңсау емес, көпжылдық тәжірибемен сарапталып, балаларды өнерге тарту.

Әдебиеттер тізімі

1. Макаренко А.С. Мир нравственных высказываний и афоризмов// Назаров В.Н., Сидоров Г.П. Разум сердца. – Москва, 1989.
2. Селиванов В.С. Основы общей педагогики. 4-е издании.- Москва, 2005.

3. Бигожанов Т.К. Взаимоотношение семьи и общества в процессе социализации молодежи // «Қазақстанның әлемдік білім жүйесіне интеграциясы: даму бағыттары, проблемалары және оларды шешу жолдары» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Талдықорған, 2006.

4. Ғаламтор материалдары: <http://human.snauka.ru>

5. Rezuanova G. K., Tuksaitova, Albekova, Muratbekova, Omarova. Management of students philologists professional competence formation// International Journal of Academic Research Part B; 2014; 6(6), 541-536. DOI: 10.7813/2075-4124.2014/6-6/B.79

Ғылыми жетекшісі: Ғ.Қ. Резуанова, ф.ғ.к., доцент